

# ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ш.Панияз

«№3 орта мектебі» КММ. Лисаков қаласы  
[sholpanpaniyaz@mail.ru](mailto:sholpanpaniyaz@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақала тарих сабағында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру - қазіргі заман талабына сай танымын дамыту мен білімді, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда маңызы зор екенін көрсетуге арналған.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы повышение активности учащихся путем использование новых технологий на уроках истории, развитие кругозора, развитие знаний, конкурентоспособной личности в соответствии с потребностями в современном мире.

**Abstract.** In this article are shown the issues of increasing the activity of students, raising their knowledge and interest to history, the importance of using new technologies of the lesson in developing competitive person to demand of modern life.

**Түйін сөздер:** жаңа технологиялар, шығармашылық, сапалы білім, әдіс-тәсілдер, жеке тұлға.

**Ключевые слова:** новые технологии, творчество, качественное образование, формы и методы, личность.

**Key words:** new technologies, creativity, high qualified education, forms and methods, personaliti.

Қазіргі таңда Қазақстан мемлекеттік және ұлттық дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтеріліп келеді. Қоғамның экономикасын әлемдік деңгейге көтеру білім беру жүйесін дамытуға тәуелді. Сондықтан да білім беру жүйесінде оқыту үрдісін тың идеаларға негізделген жаңа технологияларды қолданып оқыту міндеті тұр.

Мектептегі тарих пәнін оқытуда көлемді мәтіндер, саяси терминдер мен хронологияның көптеп кездесуі оқушының өзіндік ой қорыту мен сыни ойлай білуі, ақпаратты ұғыну мен талдай алуына қиындық келтіреді. Мектеп оқушылары қорытынды емтихандар мен ҰБТ, ОЖСБ сияқты маңызды тестілеулерге механикалық түрде есте сақталған білімді пайдаланып, ол білім емтихан аяқталған соң ұмытылып қалады. Бұдан оқушыға жаттанды емес, өмірмен ұштасатын білім берудің қажеттілігі туындайды. Оқушының өз бетімен жұмыс дағдыларын қалыптастыруына, тарих сабағында таным арқылы тарихи оқиғаларды түсініп, ой елегінен өткізіп, зерделей алуына сыни ойлай білуі өз әсерін тигізері сөзсіз.

Сондықтан да, сабақ беретін сынып оқушыларын мұғалім үйреткен дайын білімді меңгерумен шектеп қана қоймай, жаңаша тұрғыдан өз бетінше оқып үйренуге дағдыландыру және өзгерту қажет.

Сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай өзара ынтымақтастықта оқыту үдерісі сабақ нәтижелілігіне өз ықпалын тигізуі мүмкін. Іс-әрекетке кіріспес бұрын нәтижеге жету үшін «Не істеу керек?» деген сұрақ туындайтыны сөзсіз. Егер жоспар тиянақты, жүйелі түрде SMART мақсатқа сай, тақырыптан ауытқымай, сын тұрғысынан ойлау модулі ескеріле құрылса, іс-әрекеттегі зерттеу жұмысы өз нәтижесін береді. Сондықтан сабақтарымды жеті модуль мәнмәтініне ықпалдастырумен қатар, «Сын тұрғысынан ойлау», «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау», «Талантты және дарынды балаларды оқыту» және «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқыту мен оқу» модульдерімен тығыз байланысты болғандықтан сабақтарды жоспарлау барысында осы ерекшеліктердің өзара үндестік табуына мән беріледі.

Мұғалім оқушылардың зер салып тыңдауын сақтап қалу мақсатында сыныпта орындалатын жұмыс барынша күрделі және әртүрлі болуын қадағалайды [1]. Сабақтың сәтті өтуі топқа бөлудің маңыздылығынан басталатындықтан жоспарда оқушылардың топқа бөлуіне аса мән беру қажет. Егер оқушылар топтасып жұмыс істесе, топ мүшелерінің барлығы да назарда болып, өздеріне берілген рөлдер мен тапсырмаларды жауапкершілікпен сәтті орындай алады. Ал бұл сабақтың әрі қарай сәтті өтуі мен оқушылардың ойлау үрдістерін жетілдіру, ойын ашық айтуға, әртүрлі пікірлерді қабылдауға, өздеріне деген сенім мен идея құндылықтарын түсінуге көпірше бола алады. Нәтижесінде жүйелі әрі саналы ойлай білетін, кез-келген жағдаяттан жол тауып шыға алатын, өзіне сенімді жеке тұлға қалыптасып, оқуда 10 пайыз, тәжірибеде 75 пайыз іскерлік танытатын оқушылар тәрбиеленеді. Осы тұрғыда сын тұрғысынан ойлау стратегияларына сүйену маңызды. Ал Блум таксономиясы «ең төменгі үдерістен жоғарыға қарай кезең-кезеңмен қозғалуды көздеуі» сабақтың жүйелі өтуіне негіз болады [2]. Блум таксономиясының жинақтау мен бағалау сатыларында оқушылар тарихи оқиғаларды топтастырып жүйелей алатын, әрі оқиғаға тарихи баға бере алатын қабілеті ашылады.

Тарих пәнін оқытуда тарихи оқиғалардың мазмұнын рухани тәрбиемен сабақтастыра, интеграциялап оқытудың маңызы зор. Сабақта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру үшін өзін-өзі тану пәнімен сыртқы интеграцияда «Тыныштық сәтін» өткізуге болады. Дәстүрлі сабақтарда оқушылар әдетте алдымен өткен материалды еске түсіру барысында мұғалім қойған сұрақтарға жауап беріп, кейбір жазба жұмыс түрлерін орындаумен шектелетін. Жаңаша бағытта өткізілген сабақтарда сыныптағы психологиялық ахуалға оқушылардың, мұғалімнің, топтың орын ауыстыруы, қозғалыс барысы, мұғалім мен оқушылар арасындағы, оқушылардың өзара қарым қатынастары негізгі рөл атқарады. Бұл белгілі деңгейде оқушының берілген тапсырмаларды орындауына сапалық тұрғыдан әсерін тигізіп, жоғары деңгейде ойлауға жетелері сөзсіз. Өткізілген сабақтарда түрлі ресурстар: бейнежазба, презентациялар, тренингтер қолдана отырып, оқыту мен оқуда білімді игертудің түрлі технологияларын қолдану арқылы сапалы білімге қол жеткізуге болады. Мәселен оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін «Серпілген сауал», «БҮҮ стратегиясы», «Венн диаграммасы» сияқты тапсырмаларды бере отырып, тарихи оқиғаларды талдауға, салыстыруға,

тарихи тұрғыдан баға беріп, тұлғаларға сипаттама жасауға бағыт беруге болады. Берілген ақпаратты талдау мен бағалауға үйретуде мейлінше балама шешімдер қабылдауға дайын болуына мән беру керек. Өйткені «Сын тұрғысынан ойлау дағдыларының тізбесіне қадағалау, интерпретация, талдау, қорытынды жасау, түсіндіру, метатану кіреді». Тарих сабағының басым бөлігі мәтінді оқуға бағытталғандықтан, «Мен үшін маңызды ақпарат» тапсырмасы арқылы оқушылар зейінін мәтінге аударып, мәтіннен ең маңызды деген ақпаратты өз бетінше табуы, «Үш сөйлем», «Түйін сөз», «Қарлы жұмбақ» әдістерін кеңінен қолдану тиімді нәтиже берері сөзсіз. Бұл оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға үйретеді. Венн диаграммасы арқылы оқиғаларды салыстырып, ұқсастықтарын табу тапсырмасы мен тақырыпқа сәйкес эссе жазу оқушыларды шығармашылыққа баулып, дарынды және талантты балаларды анықтауға септігін тигізеді.

Джон Дьюидің пікірінше, егер біз идеаны оқушыларға дайын күйіне бермесек, олар өз идеаларын ұсына бастайды, өз пікірлерін айтып және оқу материалдарында берілген тақырыппен салыстыра бастайды. Сол себепті оқушыға дайын ақпаратты бермей, оны өз бетімен ізденуге баулу керек.

Қалай оқудың жолын үйрету үшін мұғалімдер танымдық даму аспектісінің дәлелін тануды үйренуі керек және өзін-өзі реттеуге көмектесу үшін өздерінің жағдайларында инновацияларды зерделеуі тиіс. Оқушылардың өз бетінше материал таңдау мүмкіндігін одан әрі арттыру керек. Уақытты нені оқып жатқандығымызға емес, қалай оқып жатқандығымызға көбірек көңіл бөлу керек [3].

Білім беру үдерісінде кері байланыс ұсыну - оқу жетістіктерін жақсарту мақсатында табысқа жету критерилерінің бірі. Қалыптастырушы танымдық кері байланыс түрлерін ұйымдастыру оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Хэтти мен Тимперли зерттеулеріне сүйене отырып, танымға бағытталған кері байланыстың оқушылар біліміне әсерін айқын көруге болады. Кері байланыс оқушыға өз әрекетін реттей алуға, сабақта не үшін әрекеттер жасалғанын түсінуге, өз оқуына жауапкершілік алуға, болған жағдайға рефлексия жасап үйренуге машықтандыратынын, ал мұғалімге тиімді жоспарлауға, сабаққа нақты мақсат қоюға, оқушы ерекшеліктерін анықтауға, сабағына өзгеріс енгізуге мүмкіндік алатыны сөзсіз.

Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау модулінің идеясы кері байланыс кезінде жүзеге асырылады. Оқушылар сабақ соңында кері байланыс жасап, өз ойларын стикерге жазып тақтаға іледі. Бағалау арқылы оқу үдерісінің деңгейі анықталып, сарапқа салынады.

Мұғалімдерде жиі кездесетін қателіктер кері байланыстар эмоцияға бағытталып жатады. Мысалы: сабақ ұнады ма, өзінді сабақта қалай сезіндің – деген сияқты жаттанды сұрақтар. Әрине осының бәрі маңызды болғанымен оқушының өзін-өзі реттеуіне әсер ете алмайды. Өйткені аталған кері

байланыстар оқушының біліміне бағытталмағандықтан маңыздылығы жойылып кетеді. Сондықтан кері байланыс орнату танымға бағытталуы тиіс.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту үрдісінде жаңа технология элементтерін қолдануда қандай жетістіктерге қол жеткізуге болады? Бұл жағдайда оқушының сабақ үрдісіндегі белсенділігі, пәнге қызығушылығы артады, бұл әдістер оқушыны тапқырлыққа, жылдамдыққа, ойын жинақтай білуге тәрбиеледі, шығармашылыққа жол ашылады. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас ашық, сенімге негізделеді.

Мұғалімдер күн сайын күрделі шешімдер қабылдайды. Бұл шешімдер түрлі білім мен пікірлерге сүйенеді және әрбір оқушының не үйреніп, келешекте неге қол жеткізуге тиіс екендігіне бағытталған. Осыған байланысты мұғалімдер оқушыларды олар өмір үруге тиіс өзгермелі әлемге дайындауда маңызды рөл атқарады [4]. Сондықтан, жаңа технологияларды сабақта жүйелі түрде қолдану – бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыруда заман талабы екенін естен шығармайық.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- [1]. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» - «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 61-бет, 2015 жыл;
- [2]. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» - «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 33-бет, 2015 жыл;
- [3]. «Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал» №11, 32- бет, 2013 жыл.
- [4]. «Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал» №11, 32-33 бет, 2013 жыл.

